

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

РАҚЫШ ӘМІР



Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуына бар ақыл-ой қуатын, бар ғұмырын арнаған, қоғамдық сананың кемелде-нуіне, замана талаптарына сай ұдайы жаңғыруына зор үлес қосқан ғұламалар мен ұстаз-ғалымдардың жан-жағына жарық шашқан жарқын шоғырының тобында ақырын жүріп, анық басып келе жатқан қарымды қайраткерлердің бірі Рақыш Сәтұлы Әмір еді. Рақыш Сәтұлы еліміздің ғылымы

мен білімі саласында қол жеткізген жетістіктерін насихаттауға, жиналған жұрттың алдында жалаулатып сөз сөйлеуге, замандастарын мақтау мен мадақтауға да, мақтануға да құштар жан емес. Өзін көрсетуге, ел алдында жарқырап көрініп қалуға да құлшынған жан емес. Абай айтқандай, Рақаң ешуақытта өзінде бармен көзге ұрып, өзгеден артыламын деген емес. Мен мұны екінің бірінен табыла бермейтін, ал Рақаңның өзінде нұрын шашып, жарығын төгіп тұратын тамаша қасиет деп білемін. Елдің ғылымы мен білімі саласында тұрақты, тиянақты қызмет жасаған, жасап келе жатқан көрнекті мамандар Рақыш Сәтұлының ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық еңбегін, азаматтық, кісілік тұлғасын жоғары бағалап, лайықты құрметтеуінің себебі осында ма деп ойлаймын. Оның жарқын бір мысалын осыдан көп жыл бұрын Рақаңның жетпіс жылдық мерейтойы тұсында айтылған мына құттықтау сөзде көрініс тауыпты:

Құрметті Рақыш Сәтұлы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің ұжымы Сізді, филология ғылымдарының докторын, қазақ тіл білімінің профессорын, 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Құрметті Рақыш Сәтұлы, Сіз жетінші асқарыңызға асықпай-аптықпай, табиғатыңызға тән терең байыптылықпен, баянды байсалдылықпен асып отырсыз. Қазақ тілінің тарихы мен теориясы, қазіргі даму жайы туралы көп жылғы зерттеулеріңіздің нәтижесінде оннан астам монографиялық еңбек, жиырмаға жуық оқулықтар мен оқу құралдарын жариялап, туған тіліңіздің тұғырын биіктетіп, туын асқарға желбіретіп көтердіңіз. Аталған еңбектеріңіз қазақ тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың негізін қалады. Еліміздің мәдени-әлеуметтік дамуында, ғылымы мен білімінің өркендеуінде бұл бағыттың да, оның негізін түзген Сіздің еңбектеріңіздің де ғылыми және практикалық маңызы өте жоғары.

Қадірлі Рақа! Сіз – қазақ ғылымының ірі тұлғасы болумен бірге белгілі білім қайраткерісіз, ұланға ұлағат таратып келе жатқан ұстазсыз. Бастауыш класс оқушыларынан бастап докторантқа дейінгі аралықта Сіздің оқулықтарыңызды оқып, білім алған, білім алып қана қоймай, білік алып шыққан неше буын ұрпақ бар. Өзіңіздің тікелей тәрбиенізді алып, баладан – маманға, маманнан ғалымға айналып өсіп жатқан өркендер де лек-легімен жарыса жүріп келеді. Бұл – Сіздің ұстаздық етуден жалықпай атқарған қызметіңіздің бақыты мен баяны.

Сіз Қазақстанның ғылымы мен білімі саласында ұтқыр ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде де үлкен еңбек сіңірдіңіз. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет ректоры қызметтерін атқара жүріп, еліміздің білімі мен ғылымының дамуына, халық шаруашылығын жас мамандармен қамтамасыз ету ісіне өлшеусіз зор үлес қостыңыз. Сіздің ұстаз, ғалым, ұйымдастырушы және басқарушы ретінде ақыл-ойыңыз бен қайрат-күшіңізді толық жұмсап келе жатқан баянды ғұмырыңыздың ең бір жарқын, жемісті де жеңісті, жарыққа да, жылуға да мол кезеңі осы тұс еді. Бұл Сіздің жеке өмір жолыңызда ғана емес, Қазақстанның білімі мен ғылымы тарихында да ізденіске, жаңалыққа бай

нәтижелі, мәуелі кезең болып табылады.

Құрметті Рақыш Сәтұлы, Сіз – ұлағатты ұстаз ғұлама ғалым болумен бірге жаны мен жүрегінен жарық пен жылу таратқан, ізгілік пен игілік жолынан таймай, ақыл, қайрат, жүректі тең ұстап жүрген арлы да абыройлы, ұлық болсаңыз да кішік қалпыңыздан танбай келе жатқан асыл азаматсыз. Туған ұжымыңыз сол үшін де Сізді ардақ тұтады, Сізге құрмет көрсетеді.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Факультет ұжымы Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға құт-береке, бақыт тілейді. Тіл білімінің телегей-теңізін тебіренге беріңіз!

Құттықтау сөзді Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұжымы атынан мен айтқан едім. Сөз иесі мен болғанмен, ондағы әр ой, мерейтой иесіне деген құрмет факультет ұжымы кеңесінде мақұлданған болатын. Факультет кафедралары, басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының пікірлері де осы арнадан табылып жатты. Содан бергі он жылда Рақанның жасына жас қосылды, ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық қызметінде табыстан табысқа жетті, бірақ өзгермеді: ақырын жүріп, анық басатын, асығып-аптықпайтын терең байыптылығы мен баянды байсалдылығынан танбады.

Рақыш Сәтұлы қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессорлық қызметін жемісті жалғастыруда. Факультет ұжымына, кафедрасына бұрынғыша сыйлы. Оқытушы-профессорлардың көпшілігі өзінің алдынан дәріс алған, бірқатары көп жылдар бойы өзімен қатар қызмет атқарып келеді. Бірақ филология факультетінде ғана емес, жалпы қазақ тіл білімі мен әдебиеттануы саласында Рақанды менен көп білетін, менен жақсы білетін адам аз шығар деп ойлаймын. Осы жерде Рақанды әріптестерінің ішінде менен артық жақсы көретін адам да аз болар демекші едім. Бірақ оны айтудан тартындым. Өйткені өзі жақсы, жаны жақсы жайсаң адамды әркім өзінше жақсы көреді емес пе. Бәлкім, ғалым-ұстазды менен де жақсы көретін, артық сыйлайтын жоғары мектеп қайраткерлері бар болар. Сондықтан олардың алдына түскім келмеді. Оның үстіне Рақанды менің білуімнің де, жақсы көруімнің де өзіндік ерекшелігі бар... 1966 жылы Жамбыл педагогикалық училищесінде оқыдым. Оқитын басты пәндеріміздің бірі – қазақ тілі пәні. Пән оқытушысы Зоя Іңкаровна деген бір ғажап кісі еді. Сөзінен де, жүзінен де жарық төгіліп тұратын.

Педучилищеге арналған қазақ тілі оқулығының құрылымы мен мазмұны да Зоя апайдың сабағы үстінде аса мәнді, әсерлі сипат алушы еді. Оқу тәжірибесі кезінде мектепке алып барып, бастауыш кластарда қазақ тілін оқытудың әдістемесімен де осы апайымыз таныстырды. Бірінші класс оқушыларына алғаш рет сабақ бердік. Алғашқы сабағымызды өткізуге әрқайсымыз өз әлімізше дайындалдық.

Көрнекі құралдар жасадық. Сабағымыздың жоспарын жаздық. Сонда Зоя Іңкаровнаның біздің қолымызға берген кітабы қазақ тілінің бірінші класқа арналған оқулығы еді. Кітаптың мұқабасының жоғарғы жағында автордың аты-жөні жазылған: Р. Әміров. Зоя апай оқулықтың авторының осы педучилищені үздік оқып бітіргенін, қазір үлкен ғалым, Республика Оқу министрлігі Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында директор екенін мақтанышпен айтып өтті. Мұғаліміміздің сөзі мен көңіліндегі мақтаныш бізді де марқайтты. Педучилище түлегінің ғылым мен білімде сондай биікке көтерілгенін біз де мақтаныш еттік. Сөйтіп, қолымыздағы оқулыққа бір, апайымызға бір қарап, сүйсініп тұрдық. Рақанмен мен осылай танысқан едім.

1968-1970 жылдары ауылға келіп, бастауыш кластарға сабақ бердім. Сонда қатты алаң болып іздегенім сабақ берудің әдістемесі жайында жазылған еңбектер еді. Ауылда ондай еңбектерді табу ол кездерде оңай емес болатын. Мектептің кітапханасы «Қазақстан мектебі» журналын жаздырып алады екен. Журналдың бес жылғы тігіндісін тауып алғанда, іздегенімді осыдан табатындай көңілім тоғайғаны әлі есімде. Бастауыш кластарда ғана емес, жалпы орта мектеп пәндерін оқытудың әдістемесі туралы мақалаларды, әдістемелерді, кеңестерді, сабақ үлгілерін толық қарап шықтым. Солардың ішінде менің сабақтарыма қажетті мәліметтерді, әдістерді, сабақ үлгілерін Рақыш Сәтұлының еңбектерінен таптым. Содан бері талай жылдар өтті. Білім мазмұны өзгерді, оқыту әдістемесі жетілді, білім беру жүйесі ауысты. Әдістемелік басылымдардағы жаңа технологияларды да қарап отырамын. Бірақ жас мұғалімдер үшін қазақ тілінен сабақ өткізудің Рақан жасап, жариялаған үлгісінен асқан тиімді, пайдалы әдістемелік көмек бар деп ойлаған емеспін. Көңілімнің бір бұрышында егер ауылға барып, мектепте мұғалім бола қалсам, онда бәрінен бұрын Рақанның сол еңбектерін қайта қарап шығармын-ау дегендей де ойым жоқ емес.



Иә, көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе... Ауыл мектебінің

жас мұғалімі ретінде сол жылдары Рақанның еңбектерінен өлшеусіз бағалы, құнды білім тапқан едім. Бір ғажабы, сол еңбектерде оқыту теориясы саласындағы ғылым жетістіктері сараланып, жинақталып, мұғалімнің сабақ беру ісінде тікелей пайдалануға, өндіріске енгізуге барынша дайын ғылыми өнімге айналған екен. Ғылымда инновациялық білім жасау, оны өндіріске енгізуге дайындаудың барлық сатыларынан өткен ғылыми өнімге айналдыру қазіргі күннің өзінде оңайға соқпай тұрғанда, практикалық, мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары ғылыми-әдістемелік инновацияларға Рақанның сол жылдарда-ақ қол жеткізгеніне бүгінде тарих ғажайыптарына қарағандай, тарихтың тың дерегінің бетін ашқандай таңырқап қараймын. Ұстаздық еңбек жолымның басында ғылыми-зерттеу еңбектері, инновациялық әдістемелері арқылы осынша жақсылық жасаған, кеңес берген, игілік көрсеткен осы бір еңбекқор, қарапайым, қадірлі жанға деген құрметім осы күнге дейін зор.

Рақыш Сәтұлы 1946–1951 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқыды. М. Әуезов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Ы. Маманов, Е. Ысмайлов секілді қазақ тіл мен әдебиетінің жарқын жұлдыздарынан тәлім-тәрбие алды. Университетті үздік дипломмен бітірген, ғылымға бейімі бар, зерттеушілік қабілеті зор талантты жас ретінде аспирантурада оқуға қалдырылды. 1955 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Жас ғалым жолдамамен еліміздің Оқу министрлігі Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтына келді. Осы институтта аға ғылыми қызметкер, бастауыш мектеп секторының меңгерушісі, партия ұйымының хатшысы, директордың орынбасары секілді қызметтер атқарды, қазақ орта мектебіндегі білім мен тәрбие мазмұнын, оқыту әдістері мен құралдарын жетілдіру бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасап, оқу пәндерінің мемлекеттік тұжырымдамаларын, стандарттарын, сондай-ақ бағдарламалары мен оқулықтарының, әдістемелерінің жаңа буынын жасауды және өндіріске енгізуді қамтамасыз етті. Жалпы орта білім беру жүйесінің дамуына, орта мектептегі оқу мен тәрбие жұмыстарының сапасының жақсаруына ерен еңбек сіңірді. Ұлттық ғылым академиясы Тіл білімі

институтында қазақ тілінің әлеуметтік маңызы үлкен іргелі ғылыми мәселелерін зерттеп, докторлық диссертация қорғады (1972), ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері, жай сөйлем синтаксисі саласында қол жеткен зерттеу нәтижелері бойынша бірнеше іргелі ғылыми еңбектер жариялады, халықаралық ғылыми конференциялар мен кеңестерде, симпозиумдарда білім мен ғылымның көкейкесті деген өзекті мәселелері бойынша баяндамалар жасап, жаңа ғылыми қағидалар жүйесін қалыптастыруға қол жеткізді, ғылымның соны жетістіктерін жедел өндіріске енгізудің әдістемелік негізін жасады. Ғалымның басшылығымен және тікелей қатысуымен орындалған, өндіріске енгізілген осы жұмыстардың әрбірінің ғылыми және практикалық маңызы жоғары еді. Олар орта және жоғары мектеп жүйелеріндегі білім мазмұнын байытуға, оқу мен оқыту теориясын жетілдіруге негіз болды.

1975–1979 жылдары өзі түлеп ұшқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде кафедра меңгерушісі, декан болып еңбек етті. Рақанның өзін алғаш рет осы кезде көрдім. Ассистент, аспирант кезімде қол көмегін де, сөз көмегін де аяған емес. Сұрай қалсам, ақыл-кеңесін де аяған емес. Сұрамасам, өздігінше ақыл айтпайтын. Ол тұстарда филология факультетінің әр кафедрасында бүкіл республикаға атағы жайылған ірі тұлғалар қызмет етуші еді. Ал филология факультетінің өзі ғылыми әлеуеті жағынан бүкіл республика жоғары оқу орындарының осы саладағы ғылыми әлеуетінен асып түсетін. Мұндай бай интеллектуалдық ортада басшы болып қызмет атқару Рақыш Сәтұлының жоғары мектеп, жоғары білім беру, жоғары білімді маман кадр даярлау ісінің барлық маңызды, басты қырларын жете игеруіне, өмірлік тәжірибесінің баюына, танымының тереңдеуіне алып келді. Мұның өзі жігері тасыған қайраткер тұлғаны ұстаздықта, ғылыми жұмыста, жоғары білім беру ісін ұйымдастыру мен басқаруда жаңа биіктерге жетеледі. Білім беру, маман даярлау сапасын шұғыл арттыруға ұмтылған декан филологиялық білім мен филология ғылымдарының дамуына нақты үлес қосты: «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы жанынан араб тілі мамандарын дайындауға қол жеткізді; жоғары білікті ғалым-ұстаз мамандар даярлау ісіне де қуатты қозғау салды – университет жанынан «Қазақ тілі», «Орыс тілі» ғылыми мамандықтары бойынша ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін қорғататын диссертациялық кеңес ашты.

Қазақстанда «Орыс тілі» мамандығы бойынша ғылым кандидаттарын даярлауға бірінші рет қол жетті. Бұл жоғары білікті мамандар даярлау жүйесіндегі мемлекеттік мәні бар ірі жетістік еді.

Алматы шетел тілдері институтының ректоры әрі кафедра меңгерушісі болып еңбек еткен 1979–1988 жылдары Рақыш Сәтұлы жоғары мектеп қайраткері ретінде білімі мен тәжірибесін, басқару мен ұйымдастырудағы талантын, бар күш-қуатын толық ашып, батыл жұмсауға мүмкіндік алды. Ректордың білім сапасын, маман даярлау ісін шұғыл жақсарту бағытындағы биік мақсаттарына сай белгіленген міндеттерді іс жүзіне асыруға институттың материалдық базасы, жалпы ресурстары дәрменсіз болды. Аз уақыт ішінде тұтас бір іргелі жоғары оқу орнының материалдық, адами ресурстарын қажетті талаптар деңгейіне көтеру айтуға оңай болғанмен, іс жүзінде өте қиын, бұралаңы да, бұлттарысы да бар, сөйте тұра барынша өзекті және жауапты міндет еді. Рақыш Сәтұлы осының бәрін ой таразысына салып, екшеп, атқарылар іс-шаралардың нақты нәтижесіне белгіленген мерзімде қол жеткізуге құлшынды, соған бүкіл ұжымды жұмылдырды. Алғашқы ірі нәтижеге бес жылдан соң қол жетті. Содан соң-ақ жоспарланған іс-шаралар өз нәтижелерін бере бастады. Оқытушы-профессорлардың біліктілігі көтерілді, институттың адами ресурстарының сапасы айтарлықтай өсті, материалдық базаны жақсарту күтілген нәтиже деңгейінде жүзеге асырылды. Оқу-әдістемелік жұмыс жаңа сапалақ деңгейге көтерілді. Институт республикадағы шетел тілдерінің мұғалімдерін, оқытушыларын заман талаптарына сай дайындау мен қайта дайындаудың және осы саладағы істерді оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің бірден-бір басты орталығына айналды, еліміздің мәдени, әлеуметтік, экономикалық дамуын әлемдік кеңістікке шығаруға жол салды.

1988–1991 жылдары Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеді де, 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ұстаздық қызметіне қайта оралды. Жоғары мектептегі ұстаздық қызмет ғалымның ғылыми ізденістерінің арнасын кеңейтті. Университетте ұстаздық қызметі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын тең ұстай отырып, қазақ тілі пәнінің мазмұны туралы жаңа тұжырымдаманың ғылыми-

әдістемелік негізін жасады, жай сөйлем синтаксисі бойынша оқу пәнінің мазмұнын анықтады, оқу бағдарламаларын, лекциялар курсы дайындады. Бұл айтуға жеңіл болғанмен, көп уақытты, үлкен күш-жігерді талап ететін ауыр да ауқымды жұмыс еді. Осы бағытта көп жылдар бойы жүргізген ізденістері мен зерттеулерінің нәтижелері ғалымның университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттері студенттеріне арналған «Жай сөйлем синтаксисі» оқулығында көрініс тапты. Қазақ тілі бойынша жоғары мектеп студенттеріне арналған оқулықтарда жай сөйлем мәселелері тақырып, тарау көлемінде ғана қарастырылғаны болмаса, толық ғылыми мағлұмат бере алмайтын. Оның үстіне жай сөйлем синтаксисі сөйлем түрлерінің бәрінің де негізін түзетініне, құрамдас бірліктерінің көптігі мен күрделілігіне көңіл бөлгенде, профессордың «Жай сөйлем синтаксисі» оқулығының мәдени-әлеуметтік маңызының соншалықты үлкен екені белгілі болады. «Жай сөйлем синтаксисі» университеттердің филология факультеттері студенттерінің қолынан түспейтін, ұйықтаса, жастығының астына қойып жататын оқулыққа айналды.

Рақыш Сәтұлы Қазақстан Республикасының ғылымы мен білімінің дамуына үш сала бойынша мәдени-әлеуметтік маңызы айрықша жоғары үлес қосты: тіл білімі; педагогикалық ғылымдар; жоғары білімді және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау. Ғалым-ұстаздың осы үш салада да айқын бағыты, ерен еңбегі, өнегелі үлгісі бар.

Рақыш Сәтұлының өмір жолына көз салған жұрт осындай жарықты көрер еді. Бұл – Рақанның сыртқы түрі мен түсінің сипаты: бейне бір қақтаған ақ күмістей. Ал ғұлама-ұстаздың ішкі мәні мен мазмұнынан таралатын жарықтың көзі бұдан әлдеқайда қуатты. Осы ретте Рақыш Сәтұлын сырты күміс, іші алтын кісі асылындай көрдім. 2010 жылы сексеннің сегіріне келген асыл кісіге, мен де өзгермей, содан тура он жыл бұрынғыдай, шын жүректен ақ тілек тіледім. Мерейтойыңыз құтты болсын! Тіл білімінің телегей-теңізін тебіреніңіз! – дедім.

Бүгінде Рақыш Сәтұлы ортамызда жоқ. Жарқын бейнесі есімде.

2010

Соңғы қаралған уақыты:
15.01.2024